



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 12-19 тамыз аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 22 тамыз

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 19 тамызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,1%-ға (476,01-ден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 476,43 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2022 жылғы 12-19 тамыз аралығында бірқатар маңызды оқиға болды. Келесі отырыста мөлшерлемені 75 базистік тармаққа көтеруді қолдауға Сент-Луис ФРБ басшысының дайын екені туралы мәлімдемесі АҚШ ФРЖ-ның ақша-кредит саясатын күшейту тәуекелдерін күшейтті. ҚХР-да бөлшек сауданың өсу қарқыны маусымдағы ж/ж 3,1%-дан шілдеде ж/ж 2,7%-ға дейін баяұлады, өнеркәсіп өндірісі ж/ж 3,8%-ға (маусымдағы ж/ж 3,9%-ға қарсы) ұлғайды. Экономиканы қолдау үшін ҚХР ОБ бір жылдық орта мерзімді кредиттер бойынша және 7 күндік кері репо бойынша мөлшерлемелерді, тиісінше, 2,75%-ға және 2%-ға дейін 10 базистік тармаққа төмендетті.


Бұл факторлар көп жағдайда дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасын құрды.

Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Ресей рублі** экспорттаушыларды салықтық төлемдерге әзірлеу аясында 2,5%-ға (60,61-ден 59,1-ге дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы аясында мөлшерлемені одан әрі агрессивті көтеру тәуекелдеріне байланысты 0,2%-ға (79,65-тен 79,78-ге дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** инфляцияның рекордтық көрсеткіштеріне қарамастан (шілдеде ж/ж 79,6%), ОБ-ның мөлшерлемені 13%-ға дейін (1 п.т.) төмендетуге қатысты шешімі аясында 0,8%-ға (17,95-тен 18,1-ге дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** әлемдік экономиканың баяулау белгілері мен АҚШ ФРЖ-ның ақша-кредит саясатын күшейту тәуекелдері салдарынан инвесторлардың тәуекел дәрежесінің нашарлауы аясында 1,2%-ға (14 668-ден 14 838-ге дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ доллары бағамының нығаюы мен теріс тәуекел сентименті аясында 1,6%-ға (19,85-тен 20,17-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** металл бағасының теріс динамикасы аясында 1,8%-ға (5,08-ден 5,17-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** маусымда ж/ж 2,5%-ға төмендеген бөлшек сауда бойынша мардымсыз деректер аясында 5,1%-ға (16,17-ден 17-ге дейін) әлсіреді.


Дамушы елдердегі валюталар бағмының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2022 жылдың басынан 19 тамызға дейінгі аралықта)





Дамушы елдердегі валюталар бағмының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2022 жылғы 12-19 тамыз аралығында)



Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2022 жылғы 5 тамыз = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпарат алу үшін:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz